

FTAMP 19.41.21

<https://doi.org/10.26577/HJ202578412>

Д.Н. Амирова\* , А.А. Тасилова ,  
Г.Е. Беркенова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: dana.amirova.00@mail.ru

## ЖУРНАЛИСТІК ДИСКУРСТАҒЫ ПРОТОТЕКСТ ПЕН МЕТАТЕКСТІҢ РӨЛІ: СЕМИОТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Бұл ғылыми зерттеу қазіргі онлайн-медианың қарқынды дамуы жағдайында протомәтін мен метамәтін арасындағы өзара байланыс пен трансформация үдерістерін талдауға арналған.

Зерттеудің мақсаты – ақпараттық платформаларда жарияланған жаңалық мәтіндерінің бастапқы дереккөзге сәйкестік деңгейін анықтау, мәтіннің құрылымдық, семантикалық және прагматикалық өзгеру механизмдерін жүйелеу, медиадискурстағы интерпретациялану ерекшеліктерін көрсету. Зерттеу идеясы ақпаратты қайта құрастыру, ықшамдау, мағыналық реңкін өзгерту медиакөздерінде қалыпты үрдіске айналғанын және бұл жағдай ақпарат сапасына тікелей ықпал ететінін дәлелдеуге негізделеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы салыстырмалы сараптама, контент-талдау, дискурс-талдау, құрылымдық және семантикалық сараптау тәсілдеріне сүйенеді.

Зерттеу нысаны ретінде қазақстандық ақпараттық платформаларда жарияланған қазақ және орыс тілдеріндегі жаңалық мәтіндері, олардың түпнұсқалық протомәтіндері және редакциялық өңделген метамәтіндері алынды.

Зерттеу нәтижелері медиа материалдарында мазмұнды ықшамдау, фактологиялық ақпаратты өзгерту, бағалаушы реңк енгізу сияқты трансформациялар жиі байқалатыны анықталды. Сондай-ақ машиналық аударма құралдарын қолдану мәтіндердің мағыналық дәлдігін төмендетіп, сәйкессіздіктерге әкелетіні айқындалды.

Журналистік практикада ақпаратты өңдеу барысында мағыналық дәлдікті сақтау және тілдік нормаларды ұстану бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу зерттеудің практикалық маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижелері медиаконтенттің едәуір бөлігі аударма материалдарға тәуелді екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде редакциялар мен журналистердің кәсіби жауапкершілігін арттыру мәселесін өзекті етеді.

**Түйін сөздер:** аударма, журналистика, баспасөз хабарламасы, жаңалық, машиналық аударма.

D.N. Amirova\*, A.A. Tassilova, G.E. Berkenova  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
\*e-mail: dana.amirova.00@mail.ru

### The role of prototext and metatext in journalistic discourse: a semiotic approach

This scientific study examines the relationship and transformation processes between the prototext and the metatext in the context of rapidly developing online media. The purpose of the research is to determine the degree of correspondence between news texts published on information platforms and their original sources, to systematize the mechanisms of structural, semantic, and pragmatic changes within the text, and to identify the features of interpretation in media discourse. The research idea is based on proving that reconstructing, compressing, and modifying the semantic tone of information has become a common practice in the media space and significantly affects the quality of information.

The methodology of the study relies on comparative examination, content analysis, discourse analysis, as well as structural and semantic analysis. The research material includes Kazakh- and Russian-language news texts published on Kazakhstani information platforms, their original prototexts, and the editorially processed metatexts.

The findings demonstrate that transformations such as content compression, modification of factual information, and the introduction of evaluative tone are frequently observed in media materials. It is also identified that the excessive use of machine translation tools reduces semantic accuracy and leads to inconsistencies.

Providing scientifically grounded recommendations for journalists and editors regarding the preservation of semantic accuracy and linguistic norms during information processing defines the practical

significance of the study. Furthermore, it is revealed that excessive dependence on translation in the media space brings forward the issue of strengthening professional responsibility.

**Keywords:** translation, journalism, press release, news, machine translation.

Д.Н. Амирова\*, А.А. Тасилова, Г.Е. Беркенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: dana.amirova.00@mail.ru

### Роль прототекста и метатекста в журналистском дискурсе: семиотический подход

Данное научное исследование посвящено анализу взаимосвязи и трансформационных процессов между прототекстом и метатекстом в условиях стремительного развития онлайн-медиа.

Цель работы – определить степень соответствия новостных текстов, опубликованных на информационных платформах, их исходным источникам; систематизировать механизмы структурных, семантических и прагматических изменений текста; а также выявить особенности интерпретации в медиадискурсе. Идея исследования основывается на доказательстве того, что реконструирование, сокращение и изменение семантической тональности информации стали типичным явлением в медиaprостранстве и существенно влияют на качество передаваемого контента.

Методологическая база исследования опирается на сравнительный анализ, контент-анализ, дискурс-анализ, а также структурное и семантическое исследование. Материалом исследования послужили новостные тексты на казахском и русском языках, опубликованные на казахстанских информационных ресурсах, их исходные прототексты и редакционно обработанные метатексты.

Результаты работы показывают, что в медиаматериалах часто встречаются такие трансформации, как сокращение содержания, изменение фактической информации, а также введение оценочной тональности. Также установлено, что чрезмерное использование инструментов машинного перевода снижает семантическую точность и приводит к несоответствиям.

Разработка научно обоснованных рекомендаций для журналистов и редакторов по сохранению смысловой точности и соблюдению языковых норм при обработке информации определяет практическую значимость данного исследования. Полученные результаты показывают, что значительная зависимость отечественного медиaprостранства от переводного контента актуализирует необходимость повышения профессиональной ответственности журналистов и редакционных коллективов.

**Ключевые слова:** перевод, журналистика, пресс-релизы, новости, машинный перевод.

## Кіріспе

Қазіргі медиажүйенің жылдам жаңаруы ақпаратты өндіру мен таратудың кәсіби стандарттарын түбегейлі қайта қалыптастыруда. Оған өзіміз күнделікті ақпарат алатын платформалар арқылы көз жеткізіп отырмыз. Медианың жеделдігі мен мультимедиялық форматы ақпараттың бастапқы дереккөзден аудиторияға дейінгі жолында түрлі мазмұндық және стилистикалық трансформацияларға ұшырауына себеп болады. Осы тұрғыда протомәтін (алғашқы дереккөздегі ақпарат, негізгі, түпнұсқа мәтін) мен метамәтіннің (аударма жасайтын журналистің протомәтіндегі ақпаратты жүйелеу, түсіндіруі арқылы бастапқы мәтінді басқа тілдік кеңістікте қайта құрастыруы) арақатынасы қазіргі медиа коммуникацияның ажырамас зерттеу объектісіне айналып отыр. Журналистік тәжірибеде бір ақпараттың түрлі медиаплатформаларда әртүрлі мазмұндық реңк алып, жаңа фор-

мада қайта тууы, ықшамдалуы – кәсіби орта үшін қалыпты үдеріс. Дегенмен дәл осы трансформация мәтіннің мағынасына, аудиторияның қабылдауына және медиа сапасына әсер ететін маңызды факторға айналады. Сондықтан бүгінгі медиада мәтіннің өзгеру тетіктерін, оның тілдік және мазмұндық трансформациясын зерттеу журналистика үшін өзекті әрі қажетті. Қазіргі журналистика контекстінде семиотика ақпаратты ұсыну мен интерпретациялаудың маңызды теориялық-әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады. Ол жаңалық мәтіндерімен қатар фото және бейнематериалдар, инфографика, сондай-ақ дыбыстық белгілер мен таңбалар жүйесін қамти отырып, ақпараттың негізгі мағынасы мен мазмұнын бұрмаламай аудиторияға жеткізудің тиімді құралы қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, журналистік өнімдердегі семиотикалық элементтер ақпараттың қабылдану деңгейін арттырып, оның мағыналық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Әдетте аударма мәселесі лингвистикалық ғылымдар аясында кеңінен зерттеліп келеді. Дегенмен, қазіргі медиакеңістіктің көпқырлылығы мен мультимедиалық сипатын ескере отырып, аударма мәселесі журналистика саласында да өзектілігін арттыруда. Әсіресе әртүрлі таңбалық жүйелерді, мәдени және мағыналық кодтарды басқа тілдік және әлеуметтік ортаға бейімдеп жеткізу үдерісі ғылыми тұрғыдан терең талдауды талап етеді. Осыған байланысты семиотика мен аударма мәселелерін қазіргі журналистика аясында кешенді түрде зерттеу – маңызды ғылыми бағыттардың бірі.

Медиа саласында аударма үздіксіз жүзеге асқанмен, оның бар екені көзге түсе бермейді, себебі аударылған материалдардың тоқтаусыз легі редакцияда дайындалатын журналистік мәтіндермен араласып, жаңа ақпарат өндіру үдерісіне кіріп кетеді, бұқаралық ақпарат құралдарының өзіндік өніміне айналады. Аударманың мәтін ішінде байқалмайтынымен қатар, оның жасанды сезілмейтін сипаты да бар. Бұл тәсіл мәтіндерді ақпаратты қабылдайтын қоғамның мәдени нормаларына бейімдеуді білдіреді. Мұнда тілдік және мәдени ерекшеліктер ақпараттың еркін әрі жеңіл қабылдауын қамтамасыз ету мақсатында барынша азайтылып беріледі. Аудитория ақпаратты өз тілінде және қалыптасқан қабылдау үлгісінде пайдалануды таңдайды (Hernández Guerrero, 2020: 76).

Қазақстандағы онлайн-медиа кеңістігі соңғы жылдары қарқынды дамып, Aqshamnews.kz, ҚазАқпарат, Zakon.kz, Tengrinews, Baq.kz, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ақпараттық платформалар қоғамның басты ақпарат көзіне айналды. Осы кеңістікте ақпаратты жылдам жеткізу қажеттілігі мәтіндерді анағұрлым қысқартуға, фактологиялық деректерді ықшамдауға немесе қайта интерпретациялауға алып келеді. Нәтижесінде бастапқы протомәтін мен онлайн-платформада жарияланған метамәтін арасында семантикалық, стилистикалық және прагматикалық айырмашылықтар туындайды. Бұл айырмашылық ақпараттық дискурстың мазмұндық сипатына, қоғамдық пікірдің қалыптасуына да әсер етіп отыр (Қайыржанова, 2020: 139).

Сондықтан протомәтіннен метамәтінге дейінгі ақпараттық трансформация үдерістерін ғылыми тұрғыдан талдау Қазақстан медиакеңістігіндегі журналистік контенттің сапасын айқындау, редакциялық жауапкершілік деңгейін бағалау және қазіргі медиа тілінің нормативтік ерекшеліктерін түсіндіру үшін өзекті болып та-

былады. Зерттеу жұмысы журналистік мәтіндерді трансформациялау үрдістерін анықтауға, ақпараттың мағыналық өзгеру жолдарын сипаттауға және медиадискурстың қазіргі даму бағыттарын саралауға мүмкіндік береді.

Аталмыш зерттеу аясында аудармада жиі кездесетін қателіктер ақпараттық мәтіндерде мен баспасөз хабарламаларында байқалатыны айқындалды. Көп жағдайда бастапқы дереккөздегі (протомәтіндегі) мағына мен деректер бұрмаланып, жекелеген сөздер аударылмай қалады немесе аударылған мәтіннің лексикалық, семантикалық үйлесімдігі сақталмайды. Бұл жағдай ақпарат мазмұнының өзгеруіне әкеледі. Сонымен қатар, журналистика тәжірибесінде аударманың сапасыз болуына әсер етіп отырған тағы бір фактор – **машиналық аударма құралдарын пайдалану**. **Машиналық аудармалар** мәтіннің мағыналық дәлдігінің бұзылуына, терминологиялық сәйкессіздіктердің пайда болуына және авторлық негізгі ойдың өзгеруіне алып келуі мүмкін.

#### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері**

Зерттеулер көрсеткендей, аударма үдерісінде жіберілетін қателіктер көбінесе машиналық аударма құралдарын сын тұрғысынан пайдаланбау, тілдік және мәдени контексті ескермеу, сондай-ақ протомәтіннің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін терең талдамаудан туындап отыр. Осыған байланысты **протомәтін мен метамәтіннің арақатынасын**, олардың бір-біріне әсерін, трансформациялану тетіктерін, журналистік мәтіндердегі мағыналық дәлдіктің сақталу мәселелерін жүйелі тұрғыда зерттеу өзекті.

Зерттеу жұмысының мақсаты – журналистік мәтіндерді аудару барысында туындайтын сапасыз аудармалардың себептерін айқындау, протомәтін мен метамәтін арасындағы мағыналық байланысты талдау және аударма сапасын арттыруға бағытталған ғылыми ұсыныстар қалыптастыру. Осы тұрғыда бірнеше медиаплатформаға контент-сараптама жасалып, мәтіндері аудару барысында жиі кездесетін қателіктердің түрі анықталды.

#### **Әдебиетке шолу**

Протомәтін мен метамәтінді басқа қырларынан қарастырған бірқатар зерттеу еңбегі бар. Олардың журналистік тәжірибеге әсеріне қа-

тысты ғылыми жұмыстар аз. Сол себепті зерттеу осы олқылықтың орнын толтырады деген ойдамыз. Жұмыстың теориялық негізін талқылау барысында шетелдік авторлар еңбегіне сүйендік (Valdeon, 2020: 325; Hyland, 2005: 205; Гальперин, 2007: 144). Сонымен қоса, ғалым Штевен Тетеші де Зепетнектің салыстырмалы мәдениеттану саласындағы аудармаға қатысты теориялық негіздерді сипаттайтын таксономияда кез-келген протомәтінің оқшау өмір сүрмейтіні, оның белгілі бір идеялық және құрылымдық негізге сүйенетіні туралы зерттеулері жұмыстың теориялық құндылығын арттырды (Zepetnek, 2002: 84). Ол еңбегінде мәтіндердің өзара байланысы мен интертекстуалдық үздіксіздіктің объектісі болуы – заманауи аударматану мен мәдениетаралық коммуникация теорияларындағы маңызды ұғымдар ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан, протомәтін мен метамәтіннің өзара байланысы мен трансформациясын зерттеу журналистік тәжірибеде ақпаратты өңдеу, редакциялық шешім қабылдау және медиаконтенттің сапасын арттыруға арналған ғылыми негізді қамтамасыз ететіні анықталды.

Зерттеуші Сунь Синь мәтін ішіндегі мәтін ұғымын журналистика тұрғысынан қарастырып, протомәтін мен метамәтін арасындағы арақатынастың көпқырлы екеніне баса назар аударады (Сунь Синь, 2023). Бұл ғылыми еңбек жұмыстың тәжірибелік сипатын анықтауда септігін тигізді. Отандық ғалымдар Б. Қайыржанова мен А. Ахметбекованың (Қайыржанова, 2020; Ахметбекова, 2018: 36) зерттеулері жұмыстың тәжірибелік негізіне арқау болды. Мамандардың метамәтіннің негізгі мәні мен белгілері туралы айтқан тұжырымдары мәтіндерге талдау жүргізу кезінде септігін тигізді. Сонымен қоса ғалымдар Н.Иванов пен А. Вежбицканың (Иванов, 2007: 43; Вежбицка, 1978: 402) кәсіби ойлары мен ғылыми көзқарастары негізге алынды. Сондай-ақ, тіл мамандарының ақпарат құралдарына берген сұхбаттары мен жарияланымдарда айтқан пікірлері де назарға алынды.

Зерттеу барысында пайдаланылған еңбектер аударма мәтіндердің мазмұны мен дәлдігіне ғылыми тұрғыда сараптама жасауға ықпал етті. Ал зерттеу жұмысының нәтижесі журналистикадағы аударманың сапасына әсер ететін факторларды анықтап, туындайтын қателіктердің табиғатын түсіндіріп, олардың алдын алу жағдайына әсер етпек.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде тақырыпқа қатысты журналистік жарияланымдар мен материалдарға шолу жүргізіліп, теориялық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Журналистік мәтіндерді зерттеу барысында контент-анализ, дескриптивтік талдау, интерпретациялық талдау, сондай-ақ салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Протомәтін (түпнұсқа журналистік материал) мен метамәтін (аударылған немесе редакцияланған журналистік мәтін) арасындағы байланыс құрылымдық және мағыналық аспектілер бойынша салыстырылып, ақпараттың түпнұсқалық мәнінің сақталуы және жаңа контексте қалай өзгеретіні контент-анализ әдісі арқылы айқындалды. Дескриптивтік және интерпретациялық әдістер түпнұсқа және өңделген журналистік мәтіндердің құрылымдық-мағыналық сәйкестігін, ақпараттың берілу формасын және редакциялық немесе авторлық көзқарастың өзгеру деңгейін бағалауға жол ашты.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ және орыс тілдеріндегі жаңалық материалдарының аудармалары алынды. Мәтіндерді іріктеу барысында жаңалық, сұхбат секілді ақпараттық жанрлар негізге алынды. Бұл материалдар мазмұндық, тілдік және стильдік ерекшеліктері тұрғысынан сараланып, аудармада түпнұсқа журналистік мәтіннің негізгі мәні мен редакциялық немесе контекстке бейімделген нұсқасының айырмашылықтары салыстырылды.

Аударма үдерісінде туындайтын трансформациялар – қысқарту, толықтыру, мағына ығысуы, автор көзқарасының өзгеріске түсуі секілді факторлар анықталып, олардың мәтіннің мазмұны мен қабылдануына әсері зерттелді. Протомәтін мен метамәтін арасындағы айырмашылықтар медиамәтіннің прагматикалық қызметімен, яғни мақсатты аудитория мен ақпараттық саясат ерекшелігімен байланыстырылды. Сонымен бірге аударма сапасына әсер ететін тілдік және мәдени факторлардың өзара ықпалы сараланып, журналистік мәтін аудармасы үдерісіндегі ақпараттық бұрмалаулардың себептері мен салдары талданды.

Зерттеу жұмысының басты ерекшелігі – журналистік материалдарды аудару үдерісінде протомәтін мен метамәтін арақатынасы жүйелі түрде қарастырылып, олардың мағыналық, прагматикалық және мәдени деңгейдегі өзара байланысы



айқындалды. Ғылыми жұмыстың нәтижесінде аударманың сапасына әсер ететін факторлар айқындалды, медиамәтінді бір тілден екінші тілге аудару барысында ақпараттың берілу формасы мен коммуникациялық тәсілдердің ерекшеліктері талданды.

### Нәтижелер және талқылама

Аудару – бір тілде баяндалған ойды екінші тілдің құралдарымен дәл әрі толық жеткізу үдерісі. Ғалым Ә. Тарақовтың пайымдауынша, *аудару* – бұл басқа тілдің құралдарымен бұрын жеткізілген мазмұнды жаңа тілде толық әрі дұрыс беру ісі. Ал *аударма* – түпнұсқаның мазмұны мен түрін бірлікте сақтай отырып, жаңа тілдің мүмкіндіктерімен көркем шындықты баламалы түрде бейнелеу үдерісі (Тарақов, 2007: 6).

Зерттеулерге сүйенсек, аударманың бірнеше негізгі түрі бар: ауызша, жазбаша, дәстүрлі, ізбе-із, еркін және ілеспе. Тілалалық аударма екі түрлі таңбалық жүйеде жүзеге асады, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі семиотикалық тұрғыдан өзара өзгеше жүйелерге негізделеді (Жумабекова, 2023: 64).

Жаһандану жағдайында аударма ұлтаралық коммуникацияның маңызды тетігіне айналды. Журналистикада ақпараттың сапалы жеткізілуі мен коммуникацияның тиімді құрылуы – аударманың дәлдігіне тікелей тәуелді.

Зерттеу барысында аударматану мен журналистика саласында кеңінен қолданылатын **протомәтін** және **метамәтін** ұғымдарына тоқталдық. Ғылыми еңбектерге назар аударсақ, бұл ұғымдардың ғылыми айналымға енгізілуі А. Поповичтің негіздемелерімен байланысты. Ғалым аударманы *метакоммуникация* ретінде сипаттап, бастапқы мәтінді – **протомәтін**, ал аударма нәтижесін – **метамәтін** деп атайды (Попович, 2000). Осыған сәйкес, журналист аударма жасау кезінде протомәтінмен әрекеттесіп, метамәтінді қалыптастырады. А. Попович енгізген «мәтін – түпнұсқа мәтіні – протомәтін», «екінші деңгейдегі мәтін – аударма мәтіні – метамәтін» деген терминдер тілде түпнұсқа және аударма мәтіндерін жіктеу әдістемесі деп аталатын зерттеу аппаратына кірді (Қожаева, 2006). Мұндай тәсіл түпнұсқа мен аударма мәтінінің арақатынасын ғылыми тұрғыда жүйелеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, теориялық тұрғыда кез келген мәтін өзінен бұрынғы мәтіндермен байланыста болады. Зерттеуші

Штевен Тетеши де Зепетнек атап өткендей, мәтін – интертекстуалдық үздіксіздіктің объектісі, яғни бірде-бір мәтін толық оқшау өмір сүрмейді (Zepetnek, 2002: 84). Ол бұрыннан бар идеялар мен құрылымдарға сүйенеді. Осы көзқарас негізінде журналистік аударма үдерісі протомәтін мен метамәтін арасындағы өзара байланыс контекстінде қарастырылады.

Ғалым К. Стеттинг аударма мен редакциялауды біртұтас үдеріс ретінде белгілеп, «transediting» терминін қолданысқа енгізген (Stetting, 1989: 377). «Transediting» – аударманы өңдеу барысында ақпаратты қайта құрылымдау, қосымша мәліметтер енгізу, жаңа аудитория үшін маңызды емес бөлімдерді алып тастау немесе қысқарту, кейбір бөліктерді ықшамдау, тақырып, тақырыпша сияқты элементтер қосу сияқты іс-әрекеттер жүзеге асады. (Hernández Guerrero, 2020: 77).

Журналистік мәтін аудармасында басты назар мәтіннің түпкі мағынасын аудиторияға дәл әрі толық жеткізуге аударылуы тиіс. Бұл талап сақталмаған жағдайда, аудармашы тарапынан мағыналық бұрмалаушылық пен стилистикалық сәйкессіздік туындайды. Ғалым Н. Гарбовский мұндай қателіктердің көпшілігі санадан тыс, еріксіз түрде жасалатынын айтады:

Түпнұсқа мәтіндегі мағына жүйесін ашу барысында аудармада жіберілетін қателіктердің себептерінің типологиясы жалпы түрде келесідей ұсынылуы мүмкін:

1. Түпнұсқа тілін жеткіліксіз деңгейде меңгеру.

2. Жеткіліксіз когнитивті тәжірибе. Түпнұсқа мәтінде қозғалған тақырып бойынша белгілі бір салада білімнің жетіспеушілігі.

3. Түпнұсқа мәтіндегі мағына жүйесіне зейін салмау. Автордың не айтқанын түсінбеу.

4. Автордың жеке стилінің ерекшелігін ажырата алмау (Гарбовский, 2007: 514).

Зерттеу нәтижелері журналистика саласында мәтіннің мағыналық деформациялануы жиі кездесетінін көрсетті. Ғалым Р. Вальдеон бұл үрдісті өз еңбегінде кеңінен талдап, 2015–2020 жылдар аралығындағы зерттеулердің басым бөлігі лингвистикалық және тілдік аспектілерге бағытталғанын атап өтеді. Кейінгі зерттеулерде журналистік мәтіндердің аудармасы әлеуметтік контекстте де қарастырыла бастады (Valdeón, 2020: 321).

Мысалы, А. Спиессенс пен В. Пукке «InoSmi» сайты мысалында ресейлік журналистердің Батыс дереккөздерінен алынған Қырым оқиға-

сына қатысты материалдарын талдап, аударма нәтижесінде Ресейдің саяси бейнесі жағымды, ал Батыс елдері теріс тұрғыда бейнеленгенін анықтаған. Авторлар аударманың фрейминг пен идеологиялық манипуляция құралына айналуы мүмкін екенін дәлелдейді (Spiessens, Van Poucke, 2016: 324).


Фрейминг – коммуникация, лингвистика мен әлеуметтануда қолданылатын тиімді концепция саналады. Вальдеон Р. А. шолу материалында зерттеуші – Ся Лянның (Ся, 2019) осы тақырыпты Sankao Xiaoxi-мен байланыстырып зерттеп, аудармашы жаңалық мәтінін аудару барысында бастапқы ақпаратты белгілі бір идеологиялық немесе концептуалдық интерпретацияға бейімдей алатынын көрсетеді. Осылайша, аударма манипуляция құралы бола алады. Ся Лян өз зерттеуінде осы тақырыпты Sankao Xiaoxi-мен байланыстырып зерттеп, аудармашы жаңалық мәтінін аудару барысында бастапқы ақпаратты белгілі бір идеологиялық немесе концептуалдық интерпретацияға бейімдей алатынын айқындайды. (Xia, 2019). Осылайша, түпнұсқа мәтін деформацияланып, манипуляция құралына айналады. Бұл тұжырымды ғалым Р. Вальдеон да құптайды. Журналистер мен аудармашылар оқиғалар көрінісін қалыптастыруға және қайта жасап шығаруға, оларды белгілі бір жаңа тәсілдермен ұсынуға қабілетті (Вальдеон, 2020: 325).

Қазақстан медиакөністігінде де осы үрдіс қалыптасқан. AqshamNews.kz сайтының *Taspanews.kz*-те жарияланған «*Афера или спасение? Почему в Казахстане нет единства по строительству АЭС*» (Шустрова, Свивальнева, Амиров, 19.08.2024 күні жарияланған) атты жарияланымды аудару тәжірибесі бұл тұжырымды дәлелдейді. Аударма нұсқасында АЭС салу идеясы тек жағымды қырынан көрсетіліп, бастапқы мәтіндегі сын-пікірлер мен күмәнді тұстар толықтай түсіп қалған. Бұл жағдай редакциялық саясат пен мемлекеттік ақпараттық бағыттың ықпалын айқын байқатады.

Түпнұсқа мәтінде, керісінше, АЭС салу туралы жария талқылауда айтылған сын-пікірлер мен күмәнді тұстар кеңінен қамтылған. Атап

айтқанда, экологияға әсер ететін факторлар, жобаның экономикалық тұрғыдан тиімсіз болу ықтималдылығы, сондай-ақ шетелдік технологияларға тәуелділік қаупі туралы сарапшылар пікірі берілген. Сонымен қатар, сұхбатта танымал эколог М. Хамзаев АЭС жобасын алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа негізделген бастама ретінде бағалайды. Алайда, аударылған мәтінде бұл сыни тұжырымдарды көре алмаймыз. Оның орнына AqshamNews.kz сайтында Атом энергиясы институты директорының материалтану зерттеулері жөніндегі орынбасары Е. Қоянбаевтың АЭС құрылысын толық қолдайтын пікірі беріледі. Метамәтіннің тақырыбы да айтарлықтай өзгеріске ұшырап, «Қазақстанда Фукусима немесе Чернобыль реакторлары салынбайды» деп түрлендірілген. Бұл мақаланың жалпы интонациясы мен бағытын айқындайтын маңызды өзгеріс. Сонымен қатар, аударма мәтінде реакторлардың екінші емес, үшінші буын үлгісінде болатыны атап өтіледі. Бұл да АЭС жобасын оң жағынан көрсетуге бағытталған тәсілдің бірі ретінде қарастырылады. Осылайша пікір плюрализмі мен көзқарастардың қарама-қайшылығы жойылып, журналистің мақсаты насихат сипатындағы материал ұсыну болғаны айқын аңғарылады. Аталған мысал медиа метамәтін жасау үдерісінде журналистік интерпретация мен редакциялық саясаттың рөлін анық көрсетеді. AqshamNews.kz сайты аталған материалды аудару барысында бастапқы дереккөзге (Taspanews.kz) сілтеме жасағанымен, аударма түпнұсқадан едәуір ауытқып, дербес медиаөнімге айналған.

Зерттеу барысында мемлекеттік мекемелердің көптілді баспасөз материалдарын ұсыну тәжірибесіндегі аударма қателіктерінің жеткілікті екенін де байқадық. ҚР Үкіметінің ресми Telegram арнасында жарияланған екітілді хабарламада машиналық аударма қолданылғаны анықталды. «Занятость детей» тіркесі «баланы жұмыспен қамту» деп қате аударылып, бастапқы мағына бұрмаланған (03.05.2025 күні жарияланған). Мұндай мысалдар Yandex, Google және ChatGPT платформаларының автоматтандырылған жүйелерінің нәтижелерін салыстыру арқылы көз жеткіздік.




**В Казахстане откроют более 10 тыс. пришкольных лагерей и 512 палаточных кемпингов этим летом**

✈ *Министерство просвещения приступило к подготовке к летней кампании.*

● В летний период 2025 года различными программами оздоровления, отдыха и занятости планируется охватить 3,1 млн детей. Из них свыше 500 тыс. – дети из социально уязвимых категорий. При поддержке фонда «Қазақстан халқына» 10 тыс. детей получат возможность отдохнуть бесплатно.

Ак  
что

*Протомәтін*



**Елімізде биылғы жазда 10 мыңнан астам мектеп жанындағы лагерьлер мен 512 шатырлы кемпингтер ашылады**

✈ *Оқу-ағарту министрлігі жазғы науқанға дайындықты бастады.*

● 2025 жылдың жазғы кезеңінде сауықтыру, демалыс және жұмыспен қамтудың түрлі бағдарламаларымен 3,1 млн баланы қамту жоспарлануда. Оның ішінде 500 мыңнан астамы әлеуметтік осал санаттағы балалар. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 10 мың бала тегін демалуға мүмкіндік алады.


А...

*Метамәтін*

1-сурет – Аудармадағы қателік. Дереккөз – <https://t.me/KZgovernment>

Протомәтіндегі «Занятость» сөзі бұл контексте балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды білдіреді. Осылайша, түпнұсқа мәтіннің мағынасы дұрыс жеткізілмеген. Жур-


налист тарапымен түпнұсқаның мұндай бұрмалануы көбіне машиналық аудармадан туындауы мүмкін. Енді осы сөйлемге машиналық аударма жасап көрейік:



2-сурет – Yandex аудармасы. Дереккөз – <https://translate.yandex.com/>


Yandex аудармасы «занятость» сөзін «жұмыспен қамту» деп аударып, қате мағыналық метамәтін тудырғаны байқалды (2-сурет). Дәл осындай қате Google аударма жүйесінде де қайталанды

(3-сурет) және Chat GPT платформасында да ұқсас мағыналық сәйкессіздікті көре аламыз (4-сурет). Бұл жағдайлар – машиналық аударма нәтижелеріне толықтай сенім артуға болмайтынын көрсетеді.



3-сурет – Google аудармасы.

Дереккөз – <https://translate.google.com/?hl=ru&sl=en&tl=ru&op=translate>



4-сурет – Chat GPT аудармасы. Дереккөз: <https://chatgpt.com/>

Теориялық тұрғыда машиналық аударма – *бір табиғи тілдегі мәтінді басқа тілге арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы аудару процесі* (Мәдиева, Бектемірова, Күзембекова, 2014: 65). Алайда бұл технологиялар мағыналық дәлдікті әрдайым қамтамасыз ете бермейді. Сондықтан журналист аударма нәтижесін қайта тексеріп, редакциялық өңдеу жүргізуі қажет.

Ғалым М. Франк баспасөз хабарламалары тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сондай-ақ аударма үдерісіне бейімделетін мәтін ретінде де қарастырылуы мүмкін екенін айтады. Егер баспасөз хабарламасын жазушылардың мақсаты мәтіндерінің сөзбе-сөз көшірілуі болса немесе алдын ала дайындалған мәтін жаңалықтар редакцияларында өңдеу үдерісін жеңілдететін болса, онда баспасөз хабарламасы аударма үдерісін



де жеңілдетіп, сөзбе-сөз аударуға мүмкіндік беруі тиіс (Franck, 2012: 2).

Онлайн медиа контекстінде телеарналардың сайттарында жарияланған видеоматериалдарға тоқталсақ, аударма синхронда жиі кездеседі. Мұндай синхрондардың аудармасы түпнұсқа материалдың бір болуынан туындайды. Зерттеу нысаны ретінде «КТК» телеарнасының ресми сайтына енгізілген «3 жарым млрд». Жамбыл облысы: Жеңіл несие алған жүздеген шаруа шығынға батқан» телесюжеті алынды (21.11.2025 күні жарияланған). Протомәтіннің мазмұны мен құрылымы аударма ықпалымен өзгеріп, түрленгені анықталды:

#### **Протомәтін**

Рамазан Терлікбаев

Тараз қаласының тұрғыны

«Төлей алмаймын. Менің 15 немерем бар, 5-6 балам бар. Бәріміз қазір далада қалайын деп тұрмыз. Қазір 1-2 үй аукционға шықты, төлей алмағандардың үйі. Ертең біз де далада қаламыз. Ақша жоқ деп жатыр. Ақшасы жоқ болса неге береді? ...».

#### **Метамәтін**

Рамазан Терликбаев

Фермер

«Я почти банкрот. Я четвертый месяц не могу оплатить кредит. Банки уже на торги наше имущество выставляют. У меня 15 внуков, 6 детей. Мы рискуем остаться на улице ни с чем. Они говорят: «Денег нет». А нам что делать?».

Нысан ретінде аударманың жасалу тәсілін емес, нәтижесін алдық. Үзіндіден метамәтін протомәтінге қарағанда толығырақ екені байқалады. Орыс тілді мәтіндегі синхронның кей үзінділері қазақ тіліндегігіе кірмей қалған. Қазақ тілді мәтіннен тікелей аударма жасалынбай, түпнұсқа видеодан өзге де үзінділер қосылғаны байқалады. Екі мәтіннің сәйкес емес тұстарын салыстырсақ, метамәтінде «5-6 балам бар» үзіндісі «6 детей» етіп қысқартылып, «Ақшасы жоқ болса неге береді?» үзіндісі «Денег нет, а нам, что делать?» етіп түрленген. Сондай-ақ, метамәтін арқылы жасалған видеоматериалда эмоция мен интонация дыбыстаушы тарапымен сюжет басынан бастап беріле бастаған. Түпнұсқа видеода тұрғынның эмоцияға бірден емес, сөз аяғында берілгені анық көрінеді.

Салыстырмалы талдау протомәтін мен метамәтіннің семантикалық, прагматикалық және эмоционалдық өзгерістерге ұшырайтынын көрсетеді. Метамәтіндегі интонациялық күшейту

мен фрагменттердің қайта құрылуы аудиторияның ақпаратты әртүрлі қабылдауына әсер етеді, медиаланған дискурс рецептивтік вариативтілікті арттырады. Бұл мысалдар журналистік мәтіндердің аудармасында тек сөздік мәнге ғана емес, мәтіннің эмоциялық және коммуникативтік аспектілеріне де назар аудару керектігін көрсетеді. Интонация мен құрылымдық өзгерістерді дұрыс беру аударманың түпнұсқалық әсерін сақтауға мүмкіндік береді (Якобсон, 1978). Бұл аударылған журналистік материалды аудитория үшін сенімді етеді.

Осы тұрғыдан, ғалым Е. Саридеки жаңалықтарды аудару барысында тілдің ықшам және тиімді қолданылатынын атап өтеді. Аударма мәтіндері көбінесе жаңалық сюжеттерінің мазмұнын бұрмаламай жеткізуге бағытталған қарапайым сөйлем құрылымдарымен сипатталады. Практикада бұл мәтінді жылдам аударуға мүмкіндік береді, кейде семантикалық дәлдік белгілі бір дәрежеде төмендеуі мүмкін, алайда кейін түзетулер енгізіледі; мұндай тәсіл дәстүрлі аударма әдістемесіне қарағанда жиі тиімді және функционалды болып есептеледі (Saridaki, 2025: 4873).

Медиа тәжірибе көрсеткендей, журналистік мәтіндерді аудару барысында сапасыз нәтиже бірнеше фактордан туындайтынын айқындадық. Бұл тікелей автор-аудармашыға қатысты екенін ескеру қажет:

- протомәтіннің мағыналық өзегін терең түсінбеу
- мәтінді сөзбе-сөз аудару
- эмоционалдық реңкті түрлендіру
- мәдени және контекстуалдық мағыналарды ескермеу
- машиналық аудармаға шамадан тыс сүйену.

Сол себепті аударманы жасайтын журналист тек тіл білуімен шектелмей, мәтін мазмұнын талдай алатын, контекстті түсінетін және ақпаратты аудиторияға дұрыс бейімдей білуі керек (Қайыржанова, 2020).

Кәсіби мамандар аударма жасау барысында бірнеше тәжірибелік ұсыныстарды негізге алу керектігін ұйғарады:

1. Түпнұсқа мәтінді терең талдау және коммуникативтік мақсатын нақты анықтай білу;
2. Аударма үдерісінде мәдени және тарихи контексті сақтау;
3. Машиналық аударма нәтижелерін сыни тұрғыдан тексеріп, салыстыру;

4. Түпнұсқа мен аударма мәтінін мағыналық жағынан салыстыра талдау қажеттігі;

5. Аударма сапасын бағалау үшін дәлдік, стильдік сәйкестік және прагматикалық мағына критерийлерін қолдана білу (Bussmann, 2006: 457).

### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері журналистика саласында сапасыз аударма мәселесінің өзекті күйінде қалып отырғанын көрсетеді. Аударманың кәсіби талаптарға сай орындалмауы, ең алдымен, тілдік нормалардың бұрмалануына әкеліп, соның салдарынан мазмұндық тұрғыда әлсіз әрі мағынасы толық ашылмаған медиаөнімдердің пайда болуына себеп болады. Мұндай жағдайлар, әсіресе, аударма үдерісі үстірт жүргізіліп, уақыт тапшылығы жағдайында асығыс дайындалған журналистік материалдарда айқын байқалады. Нәтижесінде ақпараттың түпнұсқалық мағынасы толық сақталмай, аудиторияның оны дұрыс қабылдауына кері әсерін тигізеді.

Онлайн аударма платформаларына шамадан тыс сүйену де мәселені тереңдетеді. Мұндай сервистер мәтіннің толық контекстін қамти алмайды, ал олардың дерекқорына бұрынғы қате немесе бұрмаланған аудармалардың енуі қателіктердің қайталанып, күшеюіне әкеледі (Қожабек, 2025).

Ғалымдардың пайымдауынша сөз өздігінен аударылмайды. Ол белгілі бір заттың, әрекеттің немесе құбылыстың нақты бір тілдегі атауы ретінде тілдік жүйеде бекітіледі. Егер белгілі бір зат немесе құбылыс белгілі бір халықтың мәдени-әлеуметтік тәжірибесіне тән болса, онда оны бейнелейтін атау да сол тілде жүйелі түрде қалыптасуы керек (Қожабек, 2025; Құрманғали, 2019). Демек, журналистің мақсаты – сол тілдік бірлікті дәл табу және оны жаңа контексте дұрыс қолдану.

Сондықтан журналистің жұмысы бастапқы мәтінді механикалық көшіру емес, оны объективтілік, мәдени және коммуникативтік талаптарға сай қайта қалыптастыруға бағытталған күрделі шығармашылық әрекет. Ал мұның артында медиамәтіннің прагматикасы мен аудитория алдындағы жауапкершілігі тұрады (Адаева, Жақсылықов, Мұсалы, Тарақов, 2013).

Зерттеу нәтижелері медиамәтіндерді аудару сапасын арттыру мақсатында бірқатар маңызды міндеттердің өзектілігін айқындады. Атап айтқанда:

- аударма қызметімен айналысатын журналистердің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру қажеттілігі алдыңғы қатарға шығады. Бұл тілдік, стилистикалық және семиотикалық құзыреттерді дамыту арқылы аударманың мазмұндық дәлдігі мен сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- редакциялық бақылау тетіктерін күшейту, сондай-ақ автоматтандырылған аударма сервистерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін ескере отырып, оларды ұтымды әрі жауапкершілікпен қолдану маңызды болып табылады.

Аталған міндеттерді кешенді түрде жүзеге асыру медиамәтіндердің сапасын арттырып, ақпараттың аудиторияға дәл әрі түсінікті түрде жеткізілуіне ықпал етеді. Медиамәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аудару кезінде қателіктерді азайту – журналистік кәсіби стандарттар, редакциялық шешімдер, ақпаратты жеткізу тәсілдері және технологиялық құралдар тұрғысынан кешенді түрде қарауды қажет ететін мәселе. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының редакторлары мен журналистері аударма жұмысына жоғары кәсіби деңгейде қарауы қажет. Бұл – тек аудитория алдындағы міндет емес, сонымен қатар ақпараттық кеңістіктің сенімділігін қамтамасыз ету, мәтіннің сапасын сақтау және журналистік стандарттарды ұстану тұрғысынан маңызды жауапкершілік.

### Әдебиеттер

- Адаева, Е., Жақсылықов, А., Мұсалы, Л., Тарақов, Ә. (2013). Аударма теориясы: оқу құралы. Алматы. «Қазақ университеті» 49-73 б.
- Ахметбекова, А. М. (2018), Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции. Павлодар. 36-58 б.
- Bussmann, H. (2006). Routledge dictionary of language and linguistics. London, New York: Routledge, pp 457. <https://doi.org/10.1017/S0008413100018120>
- Valdeón, R. A. (2020). Journalistic translation research goes global: theoretical and methodological considerations five years on. *Perspectives*, 28(3), 325–338. <https://doi.org/10.1080/0907676X.2020.1723273>
- Вежбицка, А. (1978) Метатекст в тексте. Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск 8. Лингвистика текста. М.: Прогресс. с. 402.

Гальперин, И.Р. (2007). Текст как объект лингвистического исследования. Москва. М.: КомКнига. Изд. 5-е, стереотипное. с. 144.

Гарбовский, Н. К. (2007). Теория перевода. Москва. Издательство Московского университета. с. 514.

Гурочкина, А.Г. (2009). Метаязык, метакоммуникация, метатекст (к объему содержания понятий). Тамбов. Когнитивные исследования языка. Вып. 5. Исследование познавательных процессов в языке. М.: Институт языкознания РАН. Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина. с. 52-57.

Жумабекова, А. К. (2023). Қазіргі аударматану. Алматы. ЖШС «ЛАНТАР BOOKS». 64 б.

Zepetnek, S. T. (2002). «Taxonomy for the Study of Translation in Comparative Cultural Studies». CLCWeb Library: Comparative Literature and Culture: <https://docs.lib.purdue.edu/clcweblibrary/ccstranslationstudies>

Иванов, Н.В. (2007). Интертекст – метатекст: культура, дискурс, язык. Языковые контакты: структура, коммуникация, дискурс. Материалы межвузовской научной конференции по актуальным проблемам языка и коммуникации. М.: Книга и бизнес. с. 43-50.

Қайыржанова, Б. (2020). *Журналистік мәтін: құрылым және прагматика*. Алматы. 139 б.

Қалиев, Ф. (2005). Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы. «Сөздік-Словарь». 400-430 б.

Қожаева, М. Т. (2006). Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы.

Мәдиева, Г. Б., Бектемірова С.Б., Күзембекова Ж. Ж. (2014) Лингвистикалық зерттеулердегі компьютерлік технологиялар. Алматы: «Қазақ университеті» 65 б.

Попович, А. (2000). Проблемы художественного перевода. Благовещенск. Издательство Гуманитарного колледжа им. И. А. Бодуэна де Куртенэ.

Spiessens, A., & Van Poucke, P. (2016). Translating news discourse on the Crimean crisis: patterns of reframing on the Russian website InoSMI. The Translator, 22(3), pp. 319–339. <https://doi.org/10.1080/13556509.2016.1180570>

Saridaki, E. (2025). The theory behind journalistic translation. International journal of social science and human research. Volume 08 Issue 06. <https://doi.org/10.47191/ijsshr/v8-i6-93>.

Сунь Синь (2023). Соотношение метатекста и прототекста. Журнал «Современная наука: актуальные проблемы теории и практики» Серия Гуманитарные науки №3-2 март. 167-169-б. doi 10.37882/2223-2982.2023.3-2.29

Stetting, K. (1989). Transediting – A new term for coping with the grey area between editing and translating. In Caie, Graham (ed.), Proceedings from the fourth Nordic conference for English studies, Copenhagen: University of Copenhagen, pp. 371–382.

Тарақов, Ә. (2007). Аударма әлемі. Алматы «Қазақ университеті» 6 б.

Тураева, З. Я. (1986). Лингвистика текста. Текст: структура и семантика. Москва. М.: Просвещение. с. 100.

Franck, M. (2012). From press release to news report: what does translation have to do with it? Artesis VT Working Papers.

Hernández Guerrero, M. J. (2020). Translation in new forms of journalism. *MonTi Monografías De Traducción E Interpretación*, 72–93. <https://doi.org/10.6035/MonTi.2019.ne5.3>

Xia, L (2019). A Discourse Analysis of News Translation in China (1<sup>st</sup> ed.). London. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781351021463>.

Hyland, K. (2005). Metadiscourse: Exploring Interaction in Writing. London, New York. Continuum International Publishing Group. Bodmin. MPG Books LTD.

Якобсон, Р. (1978). О лингвистических аспектах перевода. Сборник «Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике». Москва. Издательство Международные отношения. с. 16-24.

#### Электронды ресурстар:

Aqshamnews: «Қазақстанда Фукусима немесе Чернобыль реакторлары салынбайды. 12.09.2024 <https://aqshamnews.kz/kz/article/qazaqstanda-fukusima-nemese-chernobyl-reaktorlary-salynbaidy.html>

Taspanews: «Афера или спасение?» Почему в Казахстане нет единства по строительству АЭС. 19.08.2024 <https://taspanews.kz/novosti-kazakhstan/afera-ili-spasenie-pochemu-vkazakhstan-net-edinstva-postroitelstvu-aes-745752326991/>

КТК ресми сайты <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/11/21/298177/> <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2025/11/21/298187/>

Л. Құрманғали Сапасыз аударма – тіл бұзады, министр ханым! <https://abai.kz/post/98715>. 07.10.2019

Лаубаева А. Аударма ісіндегі шеберлік: сапаны қалай арттыруға болады?. 30.03.2025

[https://el.kz/audarma-isindegi-sheberlik-sapany-qalay-arttyruga-bolady\\_400018160/](https://el.kz/audarma-isindegi-sheberlik-sapany-qalay-arttyruga-bolady_400018160/)

Қожабек Н. Қазақ тілінің иллюзиялары және таза болмысы. 14.01.2025

<https://www.youtube.com/watch?v=5uSA9jKqtE>

#### References

Adaeva, E., Jaqsylyqov, A., Musaly, L., Taraqov, A. (2013). Audarma teoriasy: oqu quraly. [Translation theory: training manual] Almaty «Kazakh University», pp. 49-73.

Ahmetbekova, A. M. (2018). Leksikograficheskie i metatextovye harakteristiki terminologicheskoi definitsii. [Lexicographic and metatextual characteristics of the terminological definition] Pavlodar. pp. 36-58.

Bussmann, H. (2006). Routledge dictionary of language and linguistics. London, New York: Routledge, pp 457. <https://doi.org/10.1017/S0008413100018120>

- Valdeón, R. A. (2020). Journalistic translation research goes global: theoretical and methodological considerations five years on. *Perspectives*, 28(3), 325–338. <https://doi.org/10.1080/0907676X.2020.1723273>
- Vejbitska, A. (1978). Metatext v texte. *Novoe v zarubejnoi lingvistike*. [The metatext in the text. New in foreign linguistics] Issue 8. Text linguistics. Moscow: Progress. pp. 477.
- Galperin, I.R. (2007). Text kak obyekt lingvisticheskogo issledovaniya. [Text as an object of linguistic research] Moscow. M: KomKniga. Ed. 5th, stereotype. pp. 144.
- Garbovskij, N. K. (2007). Teoriya perevoda. [Theory of translation]. Moscow. Moscow University Press, 2007, pp. 514.
- Gurochkina, A.G. (2009). Metayazik, metakommunikatsiya, metatext. [Metalinguage, metacommunication, metatext (to the extent of the content of concepts)] Tambov. Cognitive language studies. Issue 5. Research of cognitive processes in language. M: Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences. Publishing house of TSU named after G.R. Derzhavin. pp. 52-57.
- Zhumabekova, A. K. (2023). Kazirgi audarmatanu [Modern translation studies] Almaty. LANTAR BOOKS LLP. pp. 64.
- de Zepetnek, S. T. (2002). «Taxonomy for the Study of Translation in Comparative Cultural Studies». CLCWeb Library: Comparative Literature and Culture: <https://docs.lib.purdue.edu/clcweblibrary/ccstranslationstudies>
- Ivanov, N.V. (2007). Intertext – metatext: kultura, diskurs, yazik [Intertext – metatext: culture, discourse, language]. Language contacts: structure, communication, discourse. Materials of the interuniversity scientific conference on topical issues of language and communication. M: Kniga i business, pp. 43-50.
- Kayirjanova, B. (2020). Jurnalistik matin: qurilim jane pragmatika [Journalistic text: structure and pragmatics]. Almaty. pp.139.
- Kaliyev, G. (2005). Til bilimi teriminderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of linguistics terms]. Almaty. «Sozdik-Slovar». pp. 400-430.
- Kozhaeva, M. T. (2006). Audarmatanu teriminderinin kognitivik-semantikalyk kurylymy. [The Cognitive-Semantic Structure of Translation Studies Terminology]. Author's Abstract of Candidate of Philological Sciences. Almaty.
- Madieva, G. B., Bektemirova S.B., Kuzembekova Zh. Zh. (2014). Lingvistikalik zertteulerdegi kompyuterlik tehnologiyalar. [Computer Technologies in Linguistic Research] Almaty. Kazakh University, pp. 65.
- Popovich, A. (2000). Problemy hudozhestvennogo perevoda. [The Problems of Literary Translation] Blagoveshchensk. Publishing House of the I. A. Baudouin de Courtenay College of Humanities.
- Spiessens, A., & Van Poucke, P. (2016). Translating news discourse on the Crimean crisis: patterns of reframing on the Russian website InoSMI. *The Translator*, 22(3), pp. 319–339. <https://doi.org/10.1080/13556509.2016.1180570>
- Saridaki, E. (2025). The theory behind journalistic translation. *International journal of social science and human research*. Volume 08 Issue 06. pp. 4871-4876 <https://doi.org/10.47191/ijsshr/v8-i6-93>.
- Sun' Sin' (2023). Sootnoshenie metateksta i prototeksta. [The Correlation between Metatext and Prototext]. *Journal: Modern Science: Current Problems of Theory and Practice. Series: Humanities Sciences*, No. 3-2, March, pp. 167–169. DOI: 10.37882/2223-2982.2023.3-2.29
- Stetting, K. (1989). Transediting – A new term for coping with the grey area between editing and translating. In Caie, Graham (ed.), *Proceedings from the fourth Nordic conference for English studies*, Copenhagen: University of Copenhagen, pp. 371–382.
- Tarakov, A. (2007). Audarma alemi. [World of translation] Almaty «Kazakh University», pp. 6.
- Turayeva, Z. Ya. (1986). Lingvistika teksta. Text: struktura i semantika. [Linguistics of the text. Text: structure and semantics] Moscow. M: Prosveshchenie, p. 100.
- Franck, M. (2012). From press release to news report: what does translation have to do with it? *Artesis VT Working Papers*.
- Hernández Guerrero, M. J. (2020). Translation in new forms of journalism. *MonTi Monografías De Traducción E Interpretación*, 72–93. <https://doi.org/10.6035/MonTI.2019.ne5.3>
- Xia, L (2019). *A Discourse Analysis of News Translation in China* (1<sup>st</sup> ed.). London. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781351021463>.
- Hyland, K. (2005). *Metadiscourse: Exploring Interaction in Writing*. London, New York. Continuum International Publishing Group. Bodmin. MPG Books LTD.
- Yakobson, R. (1978). O lingvisticheskikh aspektax perevoda. [The linguistic aspects of translation] Collection «Questions of translation theory in foreign linguistics». Moscow. International Relations Publishing House. pp. 16-24.

#### Электронды ресурстар:

- Aqshamnews: «Қазақстанда Фукусима немесе Чернобыль реакторлары салынбайды. 12.09.2024 <https://aqshamnews.kz/kz/article/qazaqstanda-fukusima-nemese-chernobyl-reaktorlary-salynbaidy.html>
- Taspanews: «Афера или спасение?» Почему в Казахстане нет единства по строительству АЭС. 19.08.2024 <https://taspanews.kz/novosti-kazakhstana/afere-ili-spasenie-pochemu-v-kazakhstane-net-edinstva-postroitelstvu-aes-745752326991/>
- KTK ресми сайты <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/11/21/298177/> <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2025/11/21/298187/>
- Л. Құрманғали Сапасыз аударма – тіл бұзады, министр ханым! <https://abai.kz/post/98715>. 07.10.2019
- Лаубаева А. Аударма ісіндегі шеберлік: сапаны қалай арттыруға болады?. 30.03.2025 [https://el.kz/audarma-isindegi-sheberlik-sapany-qalay-arttyruga-bolady\\_400018160/](https://el.kz/audarma-isindegi-sheberlik-sapany-qalay-arttyruga-bolady_400018160/)
- Н. Қожабек Қазақ тілінің иллюзиялары және таза болмысы.14.01.2025 <https://www.youtube.com/watch?v=5uSA9jkLqtE>



**Авторлар туралы мәлімет:**

Амирова Дана Нурлановна (корреспондент-автор) – магистратура 2-курс студенті, журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: dana.amirova.00@mail.ru);

Тасилова Айгерим Айтбаевна – PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: taika9183@gmail.com);

Беркенова Гүлнұр Ерланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnura0710mail.ru@gmail.com).

**Information about authors:**

Amirova Dana Nurlanovna (corresponding author) – 2<sup>nd</sup> year Master's Degree Student, Faculty of Journalism, Department of Print and Electronic Media, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dana.amirova.00@mail.ru);

Tassilova Aigerim – PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: taika9183@gmail.com);

Berkenova Gulnur – PhD Candidate at the Department of Political Science and Political Technologies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnura0710mail.ru@gmail.com).

**Сведения об авторах:**

Амирова Дана Нурлановна (корреспондентный автор) – студентка 2 курса магистратуры факультета журналистики, кафедры печати и электронных СМИ Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: dana.amirova.00@mail.ru);

Тасилова Айгерим Айтбаевна – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: taika9183@gmail.com);

Беркенова Гүлнұр Ерланқызы – докторант кафедры политологии и политических технологий факультета философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnura0710mail.ru@gmail.com).

Келіп түсті: 4 тамыз 2025 жыл  
Қабылданды: 8 желтоқсан 2025 жыл